

даярлау; 9) ауылдық аумақтардың әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымының дамуын инвестициялауды жүзеге асыру; 10) ауылды оңтайлы қоныстандыруды ұйымдастыру; 11) ветеринариялық-санитариялық және фитосанитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету; 12) салықтық, бюджеттік, кедендік-тарифтік, техникалық реттеу шаралары [1].

Аграрлық қатынастарды мемлекеттік реттеуде аграрлық құқықтық қатынастардың қатысушыларының ерікті түрде тиісті әрекеттерді таңдау арқылы жүзеге асырылатын ұсыну әдісі. Мемлекеттік реттеудің ауыл шаруашылығының және оның жекелен саларының дамуын болжау, агроөнеркәсіптік кешенді мақсатты бағдарламалар қабылдау арқылы реттеу сияқты әдістерін де назардан тыс қалдырмау қажет. Ауыл шаруашылығындағы қатынастардың дамуы және осы саладағы қайта құрулар заң шығарушы мен атқарушы билік тарапынан аграрлық қатынастарды реттеу әдістерін қайта қарау қажеттілігін туындатады. Яғни, аграрлық қатынастардың болжау, жоспарлау, агроөнеркәсіптік кешенді мақсатты бағдарламалар қабылдау арқылы реттеу әдістеріне көбірек көңіл бөлу қажет. Жаңа реттеу әдістері тек ауылшаруашылық қызметінің ерікті болуы арқылы ғана тиімді болады. Бұл жағдай өндірістік қызметті ұйымдастыру нысаны мен түрлері, өндірістің тиісті меншік нысаны мен ұйымдастыру нысанын, шарт қатынастарының серіктестерін таңдау еріктілігі арқылы жүзеге асады. Яғни, аталған реттеу әдісі ауылшаруашылық қызметінің жеке өз бетінше дамуы, меншікті өз еркімен пайдалану және билік ету еркін енгізіп бекітеді, ауылшаруашылық ұйымдарының ауылшаруашылық тауарлы өндірісінің дамуын қамтамасыз етеді.

Демек, агроөнеркәсіптік кешеніндегі қатынастарды мемлекеттік құқықтық реттеу әдістерін зерттеу барысында бірнеше жағдайларға көңіл бөлу қажет, соның ішінде аграрлық қатынастарды реттеу әдістерін таңдау, аграрлық өндірістің қай саласында мемлекеттік реттеуді күшейту қажет, қаржылық және материалдық мүмкіндіктерді де назардан тыс қалдырмау қажет. Нарықтық қатынастардың дамуына байланысты агроөнеркәсіп саласындағы өзгерістер тиісті құқықтық негіздерді қалыптастыру және мемлекеттік реттеу әдістерін жетілдіруді қажет етеді. Мұнда мемлекет мәжбүрлеу аппараты бар саяси ұйым ғана емес, жалпы саяси, экономикалық және әлеуметтік функцияларды жүзеге асыру құралына айналады. Бірақ, бұл мемлекеттің әкімшілік реттеу әдістерін мүлде жоққа шығару емес, әкімшілік әдістер арқылы мемлекет аграрлық қатынастарды қажеттілігіне қарай реттеу қажет.

1. Қазақстан Республикасының «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заңы. 08.07.2005 ж. / ПАРАГРАФ анықтама жүйесі.

Л.О. Садуақасова

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МОНИТОРИНГ – КАСПИЙ ТЕҢІЗ АЙМАҒЫ ҚОРШАҒАН ОРТАСЫН ҚОРҒАУДЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУДІҢ ТЕТІГІ

Экологиялық құқық бұзушылықты алдын-алудың шарасы балып экологиялық мониторинг болып табылады.

В.В. Ерофеевтің пікірінше, экологиялық мониторинг бұл – жасалатын байқаудың варианттары мен рекомендациялардың, экологиялық қауіпсіздік және қоршаған ортаның жай-күйіне әсер етуді жүйелі түрде басқаруға қажетті ғылыми бағдарламаның, байқау, бағалау мен болжаудың кешені [1].

Мониторинг дегеніміз не? «Мониторинг – бұл қоршаған ортаны қадағалау мен бақылаудың жүйесі. Ол үш сатыдан тұрады: қоршаған табиғи орта жағдайының, адамзат қызметінің әсерінен болатын қоршаған табиғи орта жағдайын болжаудың, бағалау және қадағалау жүйесі [2].

М.Е. Есжанов пайымдауы бойынша, экологиялық мониторингтің мазмұны – қоршаған табиғи ортаның сапасының және жекелеген табиғи ресурстардың жағдайын болжамдау, бағалау және қадағалау бойынша ғылыми негізделген әдістер негізінде белгілі-бір жұмыстардың орындалуын құрайды [3].

С.К. Культелеевтің ойынша, қоршаған ортаның мониторингі қоршаған табиғи орта жағдайын, адам денсаулығымен өзге тірі организмдер үшін зиянды және қауіпті сындарлы жағдайларының алдын алуды қадағалау деп атап көрсетеді [4].

ҚР Экологиялық кодексінің 139-бабында экологиялық мониторингке келесі анықтама беріледі. Қоршаған орта және табиғи ресурстар мониторингі, яғни бұл - табиғи және антропогендік факторлардың әсерінен болатын олардың өзгерістерімен жағдайын бақылау, болжамдау және бағалау мақсатымен табиғи ресурстарымен қоршаған орта жағдайын қадағалаудың кешенді жүйесі. Атмосфералық ауа, жер, жер үсті және жер асты сулары, жер қойнауы, жануарлар және өсімдіктер

әлемі, сондай-ақ климат пен азондық қабат, экологиялық жүйелер, тұрғындар денсаулығына әсер ететін қоршаған ортаның факторлары экологиялық мониторингтің объектісі болып табылады.

Мониторинг өткізудің масштабына, аумағына, физика-географиялық, экономикалық, экологиялық-ландшафттық шектерге байланысты келесі түрлерге бөлінеді:

- Республикалық;
- Аймақтық;
- Жәһандық.

Қазіргі ҚР Экологиялық кодексінде көзделген қоршаған ортаның, табиғи ресурстардың және құқықтық негіздің бірыңғай мемлекеттік мониторинг жүйесі жүргізілуде. Жоғарыда көрсетілген нормативтік-құқықтық актінің 140-бабында қоршаған орта және табиғи ресурстардың бірыңғай мемлекеттік мониторингі төмендегідей мониторингтің ішкі жүйелерінен тұрады:

- 1) қоршаған орта жағдайының мониторингі;
- 2) табиғат ресурстарының мониторингі;
- 3) мониторингтің арнаулы түрлері;

Қоршаған орта жағдайының мониторингінің өзі келесі түрлерге бөлінеді:

- 1) атмосфера ауасы жағдайының мониторингі;
- 2) атмосфера жауын-шашын жағдайының мониторингі;
- 3) су ресурстарының сапалық жағдайының мониторингі;
- 4) жер қойнауы жағдайының мониторингі;
- 5) метеорологиялық мониторинг;
- 6) радиациялық мониторинг;
- 7) трансшекаралық ластану мониторингі;
- 8) фондық мониторинг [5].

Экологиялық мониторинг арқылы, табиғи ортаның сапасы мен жай-күйі туралы қажетті мәліметтер жинақтап, кемшіліктер бойынша нақты шешім қабылдауға септігін тигізеді.

Арнайы құралдармен тексерілген және бірыңғай мемлекеттік органдарда жинаған экологиялық мониторинг жүргізуден алған мәліметтер, экологиялық жай-күйді толық бағалау, болжау, қоршаған ортаға зиянды заттардың әсер етуін өзгерту, төмендету, табиғи ресурстарды пайдалануды теңестіру үшін қажетті болып табылады. Мұндай жүйе бұрынғы «Қоршаған ортаны қорғау туралы» заңында бірыңғай мемлекеттік қоршаған орта мониторингі деп аталған. Ал қазіргі Экологиялық кодексте қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесі - экологиялық қауіпсіздікті, табиғи ресурстарды сақтауды, молықтыруды және ұтымды пайдалануды, сондай-ақ халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету мақсатында басқарушылық және шаруашылық шешімдердің қабылдануы үшін қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйін байқауды, сондай-ақ олардың нақты жай-күйі туралы деректерге талдау жасауды қамтитын көп мақсатты ақпараттық жүйе болып табылады.

Жалпы ұлттық және аймақтық деңгейдегі мониторингті ұйымдастыру, атқарушы органға жүктелген және оның қызметтері арнайы заң актілерінде көзделеді.

Қоршаған орта мониторингі, табиғатты қорғау қызметімен айналысатын мемлекеттік органдар мен т.б. органдарға қажетті ақпараттық жүйе болып табылады. Шын мәнінде экологиялық мониторинг, экологиялық сараптама жүргізуге қажетті мәліметтер болып табылады. Себебі жоспарланып отырған жобалардың объектілері мен қызметтерінің экологиялық талаптар мен қоршаған орта сапасының нормативтеріне сәйкестігін анықтау, экологиялық сараптаманың мақсаттарының бірі болып табылады. Белгілі бір территорияның табиғат объектілерінің сапасы мен оған қойылған экологиялық талаптары әртүрлі болып келеді, сондықтан да үнемі бақылауды талап етеді. Ал қоршаған ортаның мониторингі беретін ақпараттардың көмегенсіз объектілерге экологиялық сараптама жүргізу мүмкін емес [3].

Сонымен қатар экологиялық мониторинг бұл тек тиісті ақпараттық база ғана емес, зиян келтіру көздерін мақсатты түрде басқарып, тиімді әдістерді қолдана отырып, сапалық және сандық бағалаудың болжамдарын жүзеге асыруына септігін тигізеді.

ҚР-да экологиялық мониторинг жүргізуі қазіргі таңдағы талаптарға сай келе бермейді. Ал техникалық жабдықтардың тозуы салдарынан алынған ақпараттардың шынайылығы төмендеп отыр. Сондай-ақ мониторингтің ведомствалық үйлестіру жүйесі де дұрыс жолға қойылмаған. Яғни әртүрлі министрлер мен ведомствалар қоршаған ортаның жай-күйіне толық объективті түрде баға бере алмайды. Сәйкесінше тиісті ақпараттарды уақытында алуға қиындықтар туындап отыр. Қазір барлық өндірістік мониторинг жүйесі, ведомствалық мониторинг ұйымдары мен кәсіпорын құрамына кіретін, геоинформация негізіндегі қоршаған орта мен табиғи ресурстардың экологиялық мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесін құру қажет. Бұған қол жеткізу үшін, ең алдымен экологиялық

ақпараттарды жинау, жүйелеу, сақтау және тарату қорын құру, қазіргі материалды-техникалық база жүйесін модернизациялау, барлық мемлекеттік органдардың өзара байланысын айқындайтын нормативті заң актілерін қабылдау қажет.

Су объектілерінің мониторингі – олардың жай-күйінің гидрологиялық, гидрогеологиялық, гидрогеохимиялық, санитарлық-химиялық, микробиологиялық, паразитологиялық, радиологиялық және уыттылық көрсеткіштерін тұрақты бақылау, теріс процестерді уақтылы анықтау, олардың қанат жаюын бағалау және болжау мақсатында алынған ақпаратты жинау, өңдеу және беру, жүзеге асырылатын су шаруашылығы іс-шараларының зиянды салдарларын болғызбау және тиімділік дәрежесін айқындау жөнінде ұсынымдар әзірлеу жүйесі болып табылады [5].

Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік Конвенцияның 19-бабына сәйкес уағдаласушы тараптардың мынадай міндеттері бар:

1. Уағдаласушы Тараптар Каспий теңізі теңіз ортасы жай-күйі мониторингінің тиісті дербес және/немесе бірлескен бағдарламаларды құру және жүзеге асыру үшін күш жұмсайды.

2. Уағдаласушы Тараптар Каспий теңізінде мониторингі жүзеге асырылатын ластаушы заттардың тізбесімен және өлшемдерімен, шығарындылар және сығындылар үшін келіседі.

3. Уағдаласушы Тараптар Каспий теңізі теңіз ортасы жай-күйін бағалауды және Каспий теңізі теңіз ортасының ластануын алдын алу, бақылау және төмендету үшін қабылданатын шараларының тиімділігін дербес және/немесе бірлесіп тұрақты жүзеге асырады.

4. Уағдаласушы Тараптар мониторинг бағдарламаларын, өлшеу жүйелерін, талдау әдістерін, деректерді өңдеуге және сапа деректерін бағалау әдістерін әзірлеу мен қолдану ережелерін үйлестіруге күш жұмсайды.

5. Уағдаласушы Тараптар шешім қабылдауға негіз және мамандар, әкімшілер және халық үшін ақпарат пен білімнің жалпы көзі болып табылатын орталықтандырылған деректер базасын әзірлейді [6].

Жалпы Каспий аймағында бірнеше экологиялық мониторинг бағдарламалары жүзеге асырылуда. 2007 жылы Евро-одақ (ТАСИС) жобаларын жүзеге асыру барысында «Каспий теңізінде су сапасының мониторингі және зардапты аймақтардың қызметтерінің жоспарларын» жүзеге асыру жолға қойылды. Жобаның мақсаты – Каспий теңізінде су сапасының мониторингтік механизмін қамтамасыз ету және экологиялық мәселелерді шешудің уникалды жоспарын дайындау болып табылады. Ол үшін барлық Каспий аймағы мемлекеттері, теңіз суларына жедел анализ жасауға және пробасын алуды жетілдіруге қол жеткізетін жаңа құралдар мен техникалық жабдықтар алады.

«Космостық радиолакация мәліметтері негіздері Каспий теңізі мұнай ластау» жобасын іске қосу жоспарланып отыр. Дегенмен бірнеше жылдар бойы космостық апараттар көмегімен Каспий туралы алынған мәліметтер әлі күнге дейін тиісті нысанда талданбаған. Сондықтан Каспий теңізінің мұнаймен ластану масштабы туралы әлі толық заңды мәліметтер жоқ.

Экологиялық мониторинг тек басқару мен шаруашылық қызметтер үшін ғана қолданылмайды, сондай-ақ ол құқық қорғау органдары қызметтеріне қажетті ақпараттық жүйесін құрайды. Табиғи ресурстарды пайдаланумен экологиялық зиянның орнын толтырумен байланысты істер бойынша дауларды шешу барысында да экологиялық мониторингтің ролі күшті. Көп жағдайларда сот объектілер бойынша шешім шығару мақсатында мәліметтерді талап етеді немесе тараптар тиісті ақпараттарды өздері ұсынады. Бірақ сот қызметтерінде де келіспеушіліктер туындауы мүмкін. Мысалы, талап арызда көрсетілген зардаптың есептеу кезінде, сот міндетті түрде мамандардың көмегіне жүгіне отырып, есептеу қажет.

Сот тәжірибесінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы даулар бойынша шешімдер көп жағдайларда анықталған экологиялық ақпарат негізінде қабылданады. Ал табиғи ортаның сапасы мен жай-күйі туралы ақпараттар тәуелсіз экологиялық ұйымдар немесе жеке тұлғалармен берілетіндіктен, объективті шешім қабылдауға қиындықтар туғызып отыр. Сондықтан да құқық қорғау органдары мен сот органдарына экологиялық мониторинг ақпараттарын ресми түрде пайдалануға қатысты заңдарда орын табуы керек.

1. Ерефеев Б.В. Экологическое право России. – М., 1996. – С. 93.
2. Петров В.В. Экология и право. – М., 1981. – 129 с.
3. Есжанов М.Е. Проблемы правового регулирования экологического мониторинга в РК: дис. канд. юрид. наук. – Алматы, 1999. – 19 с.
4. Культелеев С.Т. Экологическое право РК. – Алматы, 2003. – 230 с.
5. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі 9 қаңтар 2007 жылғы. – Алматы: Юрист, 2007.
6. Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік Конвенция (Тегеран, 2003 ж. 4 қараша) // Юрист анықтама жүйесі.